

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

шығындары мен өндірістегі шығындарға әсер ету арқылы, экономикалық үрдіске тікелей ықпал етеді, ал туристік индустрияда, институттардың ролі трансакциялық және трансформациялық шығындарды анықтап, институттардың табиғаты мен қалыптасуын түсіндіре отырып, экономикалық жүйеге шығындардың әсерін айқындау болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Харламова А.Ю. Институциональная среда как фактор реализации ресурсного потенциала туристического сектора региональной экономики. //Автореферат дисс... к.э.н., Челябинск, 2010.
2. Алиева Ж.Н. Туризмология негіздері: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 172 б.
3. Чилилов А.М. Организационно-экономические и институциональные основы ресурсного обеспечения развития сферы туризма в регионах РФ //Автореферат дисс... д.э.н. - М., 2009.
4. Ахобадзе Д.Т. Организационно-экономические механизмы реализации стратегических приоритетов развития туризма и рекреации на Северо-Западе России // Экономические и социальные перемены: факты, тенденции, прогноз. 2009. - №6.
5. Норт Д. Институты, институциональные изменения и функционирование экономики // Фонд экономической книги «Начала». - М., 1997. - 190 с.

ҚОНАҚ ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРЫ МЕН ӨЗГЕРІСТЕРІ

Ешенкулова Г.И., Бейсенбаева М.С., Сержанқызы Ж.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: gaua74@mail.ru

ҚР Президентінің «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Жаңа қатерлері мен тың мүмкіндіктері қатар өрбіген жаһандық ахуал біздің көз алдымызда өзгеруде. Алпауыт елдердің текетіресі мен өзара санкциялар алмасу дүниені тұйыққа қарай бастауда. Біздің басты экспорттық өнімдеріміздің дүниежүзілік нарықтағы бағасы еселеп құлдырады» - деп бүгінгі жаңа қатерлері мен тың мүмкіндіктері қатар өрбіген жаңа жаһандық нақты ахуалда дамудың басты бағыттарын айқындау жолы көрсетті. Осы мақсатта шикізатқа негізделген экономикамызды біртіндеп шикізаттық емес салаға – қызмет көрсету саласына бағыттау басты міндеттердің бірі болып отыр, осы жерде қазіргі таңда қызығушылық тудырып отырған туризм индустриясының салалары, соның ішінде қонақ үй бизнесінің орны ерекше [1].

Туризм индустриясының құрылымына кіретін барлық салалар елімізде отандық туристік өнімдерді ұсынушы ретінде сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілікті айқындайды. Туризмнің жоғары мультипликативті тиімділігі бар, сондықтан ол, тікелей және жанама түрде экономиканың басты салаларының дамуына ықпал жасайды. Туризмнің дамуы сыртқы субъектілер - туристер мен басқа аймақтарда өмір сүретін азаматтар, шекаралас мемлекеттер мен шаруашылық субъектілерге қатысты аумақтың маркетингін және жағымды имиджін қалыптастыру жүйесінің маңызды элементі ретінде қарастырылады [2].

Туризмнің экономикалық маңызы ғана басымдыққа ие емес, сонымен бірге туризм мемлекетаралық байланыстарды және елдер арасындағы мәдени алмасуларды дамытуға, туристердің ой-өрістерін кеңейтуге, өңіраралық байланыстардың көлемін арттыруға, халықтың танымдық деңгейін жоғарылатуға. ықпалын тигізетіндіктен, оның әлеуметтік-мәдени маңызы да зор [3].

Қазақстан үшін туризмнің бейберекет дамуы, мемлекет пен қоғамдық-құқықтық және жекеменшік құрылымдардың арасында өзара байланыстардың болмауы, экономикалық механизмнің жетілдірілмеуі сияқты элементтерге тән, осыған орай, туризм салаларын, ссның ішінде қонақ үй шаруашылығын дамытуға әсер етуші ішкі және сыртқы орта

факторларын анықтау аса маңызды болып табылады, олай болса маркетингтік жоспарлау тәжірибесінде бәсекелестікке қабілеттілікті анықтау үшін дәстүрлі әдіс ретінде SWOT-талдау әдісін қолдануға болады. SWOT талдауының мақсаты – саланың бәсекелестеріне қарағандағы күшті және әлсіз жақтарын, сонымен қатар, олардың қызметіне әсер ететін сыртқы факторларды анықтау. Бұл талдау салалардың жағдайын анықтап, мүмкіндіктерін арттыру үшін, төнген қауіптер мен әлсіздіктерді азайтып, қандай бағытта жұмыс істеу керектігін анықтайды [4].

1 - кестеден Қазақстан Республикасындағы қонақ үй шаруашылығындағы шағын және орта бизнестің жүзеге асырылу үрдісінің күшті және әлсіз жақтарын, қауіптері мен мүмкіндіктерін анықтай отырып, әр фактордың маңыздылығы деңгейі бойынша әр факторды бағалау мен сұрыптау жүргізілген болатын.

1-кестедегі жүргізілген талдау нәтижесі бойынша келесідей қорытынды шығаруға болады:

- Қазақстан Республикасындағы қонақ үй бизнесін тиімді басқаруды жалғастыру үшін, ең алдымен әлеуметтік-экономикалық даму өте маңызды, оның ішінде, инфрақұрылымдық салаларалық даму, туризмнің басым бағыттарын дамыту бойынша даму бағдарламаларын орындау, маркетингтік саясатты ендіру, кадрларды кәсіби даярлау деңгейін көтеру, эко-туризмді насихаттау, Қазақстан Республикасының тартымды табиғи зоналарын дамыту, салауатты өмір салтын жүргізу және т.б.

Кесте 1

SWOT- талдауы

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> - халық арасында сұраныстағы қонақ үй қызметінің жас және дамып келе жатқан нарығы; - қазіргі қонақ үй қызметі нарығының даму кезеңінде агрессивті бәсекелестік стратегияны қажет етпеуін байланысты, оны әзірлеу мен енгізуге байланысты шығындардың аздығы; - туризм саласын дамыту бағдарламалары арқылы мемлекеттің қолдауы және жеке туристік тартымды аудандарға ойын бизнесін ауыстыру; - саяхаттаушылар санының өсуіне жанама әсер ететін мемлекет экономикасының даму деңгейі; - қонақ үй бизнесін тиімді басқарудың даму тенденциялары мен әлемдік жағдайын білуі мен ақпараттануы. 	<ul style="list-style-type: none"> - осы саладағы кадрларды кәсіби даярлау жүйесінің төмен деңгейі; - Қазақстан Республикасы аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуының теңсіздігі; - тиімді қонақ үй бизнесін жүргізудің төмен деңгейі; - қонақ үй кәсіпорындарының функционалды қызметтеріне тікелей әсер ететін жол, электрлік инфрақұрылым, логистика, құрылыс материалдарының нарығы, өнеркәсіп тауарларының нарығы және т.б. экономикалық салалардың даму деңгейінің жетімсіздігі; - жоғары класты қонақ үй кәсіпорындарының дамуы мен орташа класты қонақ үйлердің дамымауы сұраныс деңгейіне жағымсыз әсер етеді.
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<ul style="list-style-type: none"> - тиімді басқарудың ноу-хауының жіберілуіне әсер ететін мемлекеттің қонақ үй қызмет нарығының инвестициялық тартымдылығы; - жас мамандарды тарту; - әлеуметтік-экономикалық және аймақтық даму маркетингтік стратегияға, адам ресурстарын даму стратегиясына, қонақ үй кәсіпорындарының табысы және т.б. әсер етуі мүмкін; - орташа деңгейдегі кәсіпорындардың тұрақты сұранысы мен дамуын қамтамасыз ететін тұрғындардың орта табының қалыптасуы; - қонақ үй кәсіпорындарының құрылу инфрақұрылым нарығының алға жылжуы. 	<ul style="list-style-type: none"> - қонақ үй қызметіне жалпы сұранысты төмендететін экономикалық дағдарыс; - аймақтың дамуымен қатар, инфляция деңгейінің артуы; - халықаралық кластағы шетелдік қонақ үй желілерінің өкілдерінің кіруі нарықтағы агрессивті бәсекелестік күреске алып келуі мүмкін; - табиғи-климаттық жағдайлар және онымен байланысты стихиялық апаттар мен бұзылулар; - қонақ үйлердің дамуындағы әкімшілік кедергілер мен жағымсыз салық саясаты
Ескерту - Авторлармен құрастырылған	


– қосымша жұмыс орындарын ашуды, кадрлардың біліктілігін арттыруды, жалпы әлеуметтік-мәдени даму және т.б. ұсына отырып, аймақтық дамуды ынталандыра отырып, инвестициялық белсенділікті арттыратын шағын және орта кәсіпорындарды қолдау шараларын енгізудің жағымды жағдайларын құру шешуші мәселелердің бірі;

– Қазақстан Республикасындағы қонақ үй бизнесін анықтайтын мен оны жақсартуға әсер ететін факторларды қарастыру – туризмнің инфрақұрылымын, жалпы даму бағдарламалары мен стратегияларын дамытуға қосымша қаражат бөлу;

– республика үшін тұтынушылар нарығында жаңа енгізілген өнімге жедел жауапты іс-әрекеттер сипатталады, екінші жағынан ол сұранысқа жағымды әсер етеді, екінші жағынан тұтынушылар тарапынан қызығушылықтың жоғарылауына байланысты өнімнің өмірлік циклінің кенет төмендеу мүмкіндігі артады.

SWOT-талдау барысында анықталған жағымды факторларды пайдалану және ұсынылған іс-шараларды өткізу арқылы іске асыру қолда бар қазақстандық туристік өнімдердің, сщның ішінде қонақ үй шаруашылығы ұсынатын қызметтердің бәсекеге қабілеттілігі мен танымалдығын арттыруға мүмкіндік береді, ал ең бастысы, жаңа өнімдерді және қызмет түрлерін әзірлеу және туризм индустриясының салаларына инвестициялар тарту үшін жағдайлар мен инфрақұрылымдық база құрады.

Сонымен қатар, жоғары сапалы қызметті жасақтау мен оны ұсынуды қамтамасыз ету үшін тек қана жоғары кәсіби маманданған маманды жұмыс алу жеткіліксіз. Сондай-ақ қызмет көрсету үрдісін стандарттау керек, бұл үрдістің әрбір қатысушысын максималды түрде тиімді және жұмыс сапасын бақылауды оңайлатуға мүмкіндік береді. Қонақ үйде жоғары сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін кәсіпорынның қонақтарының барлық талаптарының жүзеге асуын қамтамасыз ететін клиентпен диалог маңызды болып саналады. Халықаралық стандарттарға сай, сапа – бұл клиент қажеттілігін қанағаттандыра білу қабілеті (сурет 1) [5].



Сурет 1. Қонақ үй қызметінің сапасын арттыру жолдары

Қызмет көрсету сапасы мен клиенттердің адалдығын жоғарылату үшін қонақ үйде акция және арнайы ұсыныстар сияқты қосымша қызметтер пайдаланылады, сонымен қатар клиенттердің қызығушылығын тудыру мақсатында келесі бағдарламалар өндіріледі :

- әр түрлі жеңілдіктер: балаларға, туристік топтарға, тұрақты клиенттерге арналған жеңілдіктер;

- жинақтық карталары, бонустық бағдарламалар – тапсырыс үшін жинақталған бал ары қарай жеңілдікке айналу; бонус арқылы қонақ үйде қалу және т.б. ерекше шарттар;

- жеке бағдарламалар мен артықшылықтар – қонақ үй тұрақты клиенттер туралы ақпаратты жинақтай отырып, олардың талаптары мен қалауы шеңберінде жеке қызмет көрсету стратегиясын құру;

- корпоративті клиенттерге қызмет көрсету бағдарламалары – тегін трансфер, арнайы жеңілдіктер жүйесі, конференция, экскурсия, бранч ұйымдастыруда көмектесу.

Қонақ үйлердің табысты жұмыс жасауы үшін тек қана қызметкерлерді ғана емес, ең бастысы қонақтарды ынталандыру, марапаттау қажет. Мұндай тәжірибе әлемдік қонақ үй желілері бар қазақстандық отелдерде қолданылып, кез-келген қонақ үйдің басты мақсаттарының бірі - тұрақты клиенттерді ұстап қалу, басқа брендті таңдаған клиенттерді тарту үшін арнайы ұсыныстар мен марапаттаулар қолданып отыр. Осылайша, қонақ үй қызметінің қазіргі жағдайы нақты инвестициялардың болмауымен, қонақ үй қызметінің төмен деңгейімен, қонақ үй орындарының жетіспеушілігімен, білікті кадрлардың жетіспеушілігімен сипатталады. Қонақ үй қызметінің сапасын арттыруда барлық қонақ үй индустриясын, оның жағдайы мен даму тенденцияларын зерттеу өте маңызды.

Республиканың туристік нарығындағы осы заманғы ахуал маркетингі пайдалануды, жаңа тұтынушының негізгі қырларын зерделеуді, сондай-ақ туристік қызметті тұтынушының мінез-құлық ерекшеліктері мен тұтынушы қылығының уәждемесін зерделеуді талап етеді. Бұл ретте туризм саласына қатысты әдіснамалық, әдістемелік тәсілдерді әзірлеудің және пайдаланудың, мемлекеттік реттеу механизмдерін реформалаудың, туризмді басқарудың ұйымдық құрылымдарын жетілдірудің маңызы үлкен болмақ. Туристік қызметті зерттеудің қажеттігі, сондай-ақ Қазақстанның қазіргі жағдайларда делдал ел болумен де байланысты, ол өндіруші елдерден тауарларды сатып алады және өз елінде оны сатуды жүзеге асырады. Туристік индустрия салалары осы қызметті жүзеге асыратын құрылымдар болып табылады.

Қазақстанда туризмнің мемлекеттік реттелуін дамытудың осы заманғы деңгейі қолда бар әлеуетті барынша пайдалануға мүмкіндік бермейді. Туристік саланы дамытудың төменгі деңгейі іс жүзінде туризм салаларын, соның ішінде қонақ үй шаруашылығын реформалау мәселелеріне қатысты ғылыми зерттеулердің болмауымен байланысты. Қазақстанда сала бойынша іс-жүзіндегі ұсынымдарды әзірлеу үшін кешенді және жүйелі талдау жүргізетін туризм саласындағы ғылыми-зерттеу құрылымы жеткілікті болмай отыр. Туризм саласындағы, соның ішінде қонақ үй шаруашылығын мемлекеттік реттеудің нормативтік-құқықтық базасы белгілі бір шектеулерге ие, жалпыұлттық мүдделерді ескермейді және қызмет көрсететін кәсіпорындарға қызметін ұсынуға рұқсат қағаздарын берумен байланысты таза механикалық функцияларды ғана қамтиды. Туристік индустриясындағы салаларда көрсетілетін қызметтерді құқықтық реттеу мәселесіндегі олқылықтарды жойып, жоғарыда келтірілген іс-шаралар кешені арқылы туризм индустриясының даму тиімділігін арттыруға мүмкіндік туындайды.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2015 жылғы 30 қараша [Электронды ресурc]. - Кіру тәртібі: <http://www.akorda.kz/kz/addresses/memleket-basshysy-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-holdauy-2015-zhylgy-30-karasha>

2. Саак А.Э., Якименко М.В. Менеджмент в индустрии гостеприимства (гостиницы и рестораны): Уч. пособие. - СПб.: Питер, 2008. – 432 с.

3. Есімжанова С.Р. Маркетинг: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2003. – Б.365-366.

4. Учитель Ю. Г., Учитель М. Ю. SWOT- анализ и синтез - основа формирования стратегии организации / Всероссийск. заоч. фин.-экон. ин-т. Барнаульс. фил., Агропром. группа "Алтайские закрома" . – 2-е изд., существенно перераб. и доп. – М. : Эдиториал УРСС, 2010. – 328 с

5. Программы лояльности отелей: Marriott, Carlson, Hilton [Электронды ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://www.cossa.ru/articles/155/97819/>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОЙЫН–САУЫҚ БИЗНЕСІ: ТУРИЗМ САЛАСЫН НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ, ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

Женсхан Д., Есенбаева А.Е.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: azan_tanat@mail.ru

Дүниежүзілік туристік ұйымның болжамы бойынша Қазақстан Республикасы туризмді дамыту үшін тұрақты әрі болашағы бар елдер қатарына жатады. Барлық туристік нарықта Қазақстанның табиғатына, ландшафтарына және ұлттық мәдениетіне үлкен қызығушылық білдіреді. Сондықтан да Қазақстан үшін туризм мемлекеттің экономикалық, әлуметтік-мәдени дамуында басты сала ретінде қарастырылады. Дегенмен, туризм дамуындағы әлемдік үрдістер мен Қазақстандағы туризмнің даму жағдайы арасындағы алшақтық - шынайы резервтер мен потенциалды мүмкіндіктер болған жағдайда ұйымдастырушылық-экономикалық сипаттағы проблемалар кешенін шешуді талап етеді. Ондай проблемалардың қатарына ойын-сауық бизнесінде көрсетілетін қызметтердің төмен деңгейі, көрсетілетін қызметтер сапасының баға деңгейіне сай келмеуі, қызметкерлер біліктілігінің төмендігі, т.б. жатады. Ойын-сауық туризмнің ажырамас бөлігі [1]. Туризмнің дамуымен қатар ойын-сауық түрлері де дамып отырды. Осыған сәйкес ойын – сауық индустриясының даму тарихын зерттеудің бірнеше себептері бар: біріншіден, бұрынғы қателіктерді қайталамау; екіншіден, адамның шығармашылық табиғатын зерттеу; үшіншіден, қазіргі таңғы қоғамның даму тарихын зерттеу. Сол себепті ойын – сауықтың тарихи дамуында оның әрдайым өзгеріп отыратындығын қасиеттерін ескерудің маңызы зор. Атап айтқанда, крестік жорықтар, революциялар кезінде олар біртіндеп баяулай бастады, бірақ тоқтаған жоқ. Көптеген заң актілері құмар ойындарының өткізілуіне тиым салған, дегенмен адамдардың қалаулары жоғары болғандықтан олар тоқтатылмаған және жылдан – жылға әйгілі бола түскен.

Демек, біз ойын – сауықсыз бірде – бір саяхат өтпейтінін ескерсек, ойын-сауық бизнесіндегі мәселелерді кешенді зерттеу және оны дамытудың тиімді тетіктерін ұсынуды өте маңызды деп есептейміз. Себебі Ойын–сауық индустриясы - кез-келген елдің экономикасының және туризмнің қуатты сегменті болып саналады.

«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 жылғы 13 маусымдағы N 211 Заңының (2015 жылдың 16 қарашадағы № 406-V өзгертулер мен толықтырулар негізінде) 4-бабына сәйкес ойын-сауық – туристік индустриядағы қызмет көрсету түрлерінің біріне жатады. Сонымен қатар, осы заңның негізгі ережелерінде ойын-сауық оқиғалы туризмнің ерекше маңызды құраушы элементі ретінде көрсетілген [2].

Ойын – сауық демалысын өткізу бұл тек қажеттіліктерін қанағаттандырып, көңіл – көтеру ғана емес, жылдан – жылға өсіп келе жатқан, миллиардтаған айналымы бар әлемдік индустрия болып табылады. Ойын – сауық қоғамның жағдайына тікелей әсер ететін адамның күнделікті өміріндегі маңызды сфераның бірі. Оған деген қажеттілік адамның бірінші қажеттіліктерін қанағаттандырғаннан кейін пайда болады.

Ойын – сауық демалысын өткізудің кәсіби қызметіне адамдардың қажеттіліктерін көңіл – көтере отырып қанағаттандыратын кәсіпорындар қызметтерін жатқызамыз. Ондай кәсіпорындарға қызметі ойын – сауықпен сипатталатын - цирк, аттракциондар, ойын